

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 27)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Windows Server 2025 Datacenter	Мақсаты: Серверлік жабдықта қолдануға арналған операциялық жүйе. Виртуализация, деректерді сақтау және корпоративтік желіні басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Техникалық сипаттамасы: Редакциясы: Windows Server 2025 Datacenter Лицензия түрі: тұрақты (бессрочная), түпнұсқа; Архитектурасы: 64 бит (x64); Виртуализацияны қолдау: шектеусіз VM; Ядро саны: 16; Қызметтерді қолдау: Active Directory, DNS, DHCP, Group Policy, Hyper-V, RDP; Қауіпсіздік: TLS 1.3, Kerberos, NTLMv2; Тілдері: қазақ, орыс, ағылшын. Жеткізілім құрамына кіреді: Лицензиялық кілт (электронды); Ресми ISO дистрибутиві немесе жүктеу сілтемесі; Орнату және активация нұсқаулығы.	1
	Windows Server 2025 Standart	Мақсаты: Серверлік жабдықта қолдануға арналған операциялық жүйе. Виртуализация, деректерді сақтау және корпоративтік желіні басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Техникалық сипаттамасы: • Редакциясы: <i>Windows Server Standard</i> • Лицензия түрі: тұрақты (бессрочная), түпнұсқа • Архитектурасы: 64 бит (x64) • Виртуализацияны қолдау: 2 виртуалды машинаға дейін (Hyper-V) • Ең аз лицензияланатын ядро саны: 16	1

		- Қызметтерді қолдау: Active Directory, DNS, DHCP, Group Policy, Hyper-V, Remote Desktop Services - Қауіпсіздік: TLS 1.3, Kerberos, NTLMv2 - Қолдау көрсетілетін тілдер: қазақ, орыс, ағылшын - Орнату түрі: электрондық лицензия (жүктеу сілтемесі немесе ISO дистрибутив) Жеткізілім құрамына кіреді: Лицензиялық кілт (электронды); Ресми ISO дистрибутиві немесе жүктеу сілтемесі; Орнату және активация нұсқаулығы.	
	Патч-корд Cat.5e UTP LSZH RJ-45 20 м	Мақсаты: Желілік құрылғыларды (коммутатор, маршрутизатор, сервер және т.б.) өзара қосуға арналған дайын Ethernet кабелі. Техникалық сипаттамасы: - Түрі: Патч-корд (Patch Cord) - Сигнал стандарты: Cat.5e (Unshielded Twisted Pair, UTP) - Ұзындығы: 20 метр - Қаптама материалы: LSZH (Low Smoke Zero Halogen) – жанған кезде улы газ бөлмейді - Коннектор түрі: RJ-45 (екі жағынан қысылған) - Түсі: қара (black) - Өндіруші үлгісі: SHIP S3025BK2000-P немесе баламасы - Жұмыс температурасы: -20°C...+60°C - Сәйкестік: ISO/IEC 11801, ANSI/TIA/EIA-568-C.2 стандарттарына сәйкес	1
	Барлығы		3

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.